

УДК 81' 42

## ПРОЗА ТІЛІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ (О. БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Досанова Е.С.,  
магистрант,  
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,  
Қостанай қ., Қазақстан*

### **Аннотация**

Бұл мақалада Жазушы О. Бөкей шығармалары тіліндегі көріктеу құралдарының бірі-теңеудің стильдік қызметі қарастырылған.

Әрбір жазушының тілдік тұлға ретіндегі табиғатын, шығармашылық шеберлігін анықтайтын негізгі құралдардың бірі оның суреткерлік болмысын танытатын тілдік өрнектермен айшықталған көріктеу тәсілі болып табылады. Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген – ғалым Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» еңбегі басшылыққа алынып, зерттеу жүргізілді. О. Бөкей прозасы тіліндегі көркемдегіш құралдардың біріне семантика және стилистикалық тұрғыдан талдау жасалды. О. Бөкей шығармаларының тілінде синтаксистік құрылымына қарай жіктеліске түскен теңеулер қарастырылды.

### **Аннотация**

В данной статье рассматривается стилистическая функция сравнения – одного из художественно-образительных средств языка, используемого в произведениях писателя Оралхана Бокеева. Одним из основных средств, определяющих природу каждого писателя в качестве языковой личности, его творческое мастерство, является способ украшения, стилизованный языковыми узорами, определяющими его индивидуальную художественную сущность. В статье проведено исследование на основании труда "Казахские сравнения" ученого Конырова Т., раскрывшего всю лингвистическую сущность сравнений в казахском языке, всесторонне исследовавшего его пути составления и синтаксическую структуру, виды, проведен семантический и стилистический анализ одного из способов украшения в прозе О. Бокея. Рассмотрен один из образительно-выразительных средств языка – сравнение по произведениям О. Бокея по синтаксической структуре.

### **Abstract**

This article discusses the stylistic comparison function, which is one of the art-graphic means of the language, used in the works of the writer Oralkhan Bokeev. One of the main means of determining the nature of each writer as a linguistic personality, his creative skill, is a method of decoration, pastiched with the patterns of language, which determines the individual essence of his art.

There was conducted a research in this article, based on the study, named "Kazakh comparison" of a scientist Konyrova T., which revealed the essence of the whole linguistic comparisons in Kazakh language, extensively researched the way of compilation, syntactic structure and types. There was conducted a semantic and stylistic analysis of one of the ways of decorating O. Bokey's prose. There was considered one of the figurative-expressive means of language, which was a comparison on syntactic structure by the work of O. Bokey.

**Түйінді сөздер:** көріктеу құралдары, теңеудің стилистикалық қызметі, теңеудің функционалдық, семантика-стилистикалық топтары, теңеулік конструкция.

**Ключевые слова:** художественно-изобразительные средства, стилистическая функция сравнения, функциональные, семантико-стилистические группы сравнения, сравнительные конструкции.

**Key words:** expressive means, functional, semantic and stylistic groups of simile, simile construction.

### 1. Кіріспе.

Әрбір жазушының тілдік тұлға ретіндегі табиғатын, шығармашылық шеберлігін анықтайтын негізгі құралдардың бірі оның суреткерлік болмысын танытатын тілдік өрнектермен айшықталған көріктеу тәсілі болып табылады.

Теңеу сөздер О. Бөкей шығармалары тіліндегі ең актив қолданылған лексикалық бірліктер қатарынан орын алады. Эпитет сөздерді қолдануда экспрессивтілік айқын көріне береді. Себебі, біріншіден, сөз тура мағынасында тұрғанда экспрессияға бейімдік таныта қоймайды. Ал теңеулерде түсінік ассоциациясы семантикалық жағынан алғанда басқа сөздің тіркесінен барып қалыптасады да, теңеулердің лексика-семантикалық структурасында экспрессивтік қуат жатады. Сондықтан да теңеу сөздерде стильдік реңк эпитеттерге қарағанда айқынырақ байқалады.

### 2. Әдістер.

О. Бөкей прозасы тіліндегі көркемдегіш құралдардың біріне семантика және стилистикалық тұрғыдан талдау жасалды

Жазушы кейіпкер портретін беруде теңеулерді сұрыптап, ұтымды қолданып, соның нәтижесінде сөз әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесін оқырманға әсерлі етіп жеткізеді. Суреттеліп отырған кейіпкердің бет бейнесін, тұлға тұрпатын көз алдымызға әкеліп, ол туралы дәл, нақты сипаттама береді. Мысалы: «Екі беті бейне бір сүтке тамған қан секілді шырайланып тұрар Бақшагүл, әсіресе, жеті қат түн ішінде қалың түлейдің ортасынан шыққан от секілді жанып тұр-ау, лапылдап тұр» («Қар қызы», 30 б.)

### 3. Талқылау.

Кейіпкердің мінезін сипаттау үшін қолданылған теңеулер: «Әншейінде аузына маржан салғандай қалғып, үн-түнсіз отыра беретін Бақытжан тым-тым сөзшең болып кетті» («Қар қызы», 127 б.)

Табиғатты бейнелейтін теңеулерде молынан кездеседі.

«Шошайып жеке дара қарауытқан шоқының ұшар басын қақ жарып ай шығып келеді екен. Осы қалпында құздың зәулім басына күмістен қақтап табақ орнатып қойғандай, әдемі көрінеді» («Құм мінезі», 17 б.)

Қазақ тілінде теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген – ғалым Т. Қоңыров. Қазақ тіліндегі теңеулерді Т.Қоңыров жасалу жолдарына қарай он топқа бөлетіндігі белгілі. Ал, теңеулердің синтаксистік құрылысына келгенде, ғалым оларды жалаң теңеулер, күрделі теңеулер, толымды теңеулер, толымсыз теңеулер, бірыңғай теңеулер, болымсыз теңеулер деп 6-ға (алты) бөліп қарастырады. (Қоңыров, 2007).

О. Бөкей шығармаларының тілінде синтаксистік құрылымына қарай жіктеліске түскен теңеулердің бұл алты түрі де ұшырасады.

Жазушы күрделі теңеулерді молынан қолданады. Күрделі теңеулердің дені *-дай,-дей,-тай,тей, дайын,-ша,-ше,-нан,-нен, секілді,-іспетті бейне* және *-дай,-дей; бейне* және *секілді* тәсілдерінің көмегімен жасалғандар. О. Бөкей шығармалары тіліндегі күрделі теңеулерді қолданудағы ерекшелігі екі сөйлемді параллель алып бірінші сөйлемдегі образдың, екінші сөйлемде теңеу образының болуы. Мысалы: Жазғы суық демесең, қысқы табиғаттың қазіргі

келбеті керемет еді. Ару қыздың ешкімнен именбейтін, ешкімді менсінбейтін алқам салқам бейбастақ әрі әдемі еркін ұйқысындай еді.

Жалаң теңеулер де ұтымды қолданылады. Жалаң теңеулер – тек теңеу құрушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың яки құбылыстың жалаң суретін жасайды. Мұнда күрделі ой жоқ, соған орай бұл теңеуде күрделі образда болмайды. Жазушы шығармасында жалаң теңеулер сирек кездеседі: «Өстіп арпалысып, *әр саулықты сүйрелегендей бол* қыстаққа беттеп келе жатқанда Талды жақтан құстай ұшқан машинаның қарасы көрінді. (Құм мінезі», 20 б.).

О. Бөкей шығармалаарында жиі кездесетін теңеулер қатарында структуралық жағынан үш элементтен предмет-образ-бейне тұратын толымды теңеулер қолданылатыны танылды. Мысалы: «Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп *қаздың жұмыртқасындай* томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан *жұлындай* көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұңшығып өліп қалмағанына *тәуба жасайсыз*» (Қар қызы», 65 б.) Бұл үзіндіде екі теңеулік конструкция бар. Біріншісі- «қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлер», екіншісі –«жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді» Алғашқысының предметі –үйлер, образы–қаздың жұмыртқасындай, белгісі–томпайып, тілсіз. Соңғысының предметі –түтін, образы –жұлындай, белгісі–көтеріліп, будақтау.

Толымсыз теңеулер мысалы: «Енді, міне, анау айыр өркеш ақ тауды асса, арманына жететіндей тұңжырап, түп-тұнық аспанның астында қар теңізінің жалғыз жетім қайығындай –ескексіз, желкенсіз қайығындай қалықтап жүзіп келеді» («Қар қызы», 127 б.) Жүзіп келе жатқан кім, әрине, Нұржан шығарма кейіпкері, Оралхан Бөкейдің бір ерекшелігі теңеулі конструкцияның бір элементі бірінші сөйлемде қалып, теңеудің екінші, үшінші элементтері келесі сөйлемнің құрамында келетіні.

Теңеулерді бірыңғай етіп қолдану – сол бейнелілікті пәрмендендірудің, ойды айшықтаудың экспрессивтік әсерді күшейтудің тәсілі. Мысалы: «Бірақ, табиғатынан жуас, кісі бетін қайтарып көрмеген ол кешегі айрандай аптап, күпідей пісіп өз үйінде тайрандап жүрген жігіттің бұл әбестігіне налып, пәлендей мән бермеді» («Қар қызы», 140 б.) Жазушы шығармаларындағы теңеулерді әр түрлі қарастыруға болады.

Сезім мүшелерінің қарым-қатынасына қарай қазақ теңеулері бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Бұл топтар теңеулердің нақты мағынасын, олардың сыртқы дүниемен қарым-қатынасынан келіп туады. Осы тұрғыдан келіп Қоңыров қазақ теңеулерін төмендегідей топтарға жіктеген: 1. Көру теңеулері. 2. Есту теңеулері. 3. Дәм сезімі теңеулері. 4. Тері сезімі теңеулер. 5. Иіс сезімі теңеулері. 6. Сезім-күй теңеулері адам психикасының көзге көрінбейтін абстракциялық қызметінің нәтижесінен келіп туындайды. Бұл теңеулерде заттар мен құбылыстардың сыртқы ұқсастығы емес, ішкі ұқсастығына көбірек көңіл аударылады. Соның нәтижесінде суреттелміш заттар мен құбылыстардың ішкі мәні есепке алынады. Образ арқылы предметтің ішкі қасиеті жарық көрінеді. Оралхан Бөкей шығармаларының тілінде жиі қолданылатын сезім-күй теңеулері болғандықтан оларды бірнеше топтарға бөлуге болады:

- а) образ да, предметі де деректі сезім-күй теңеулері;
- ә) образы конкретті, предметі дерексіз сезім-күй теңеулері;
- б) образы конкретті, қимыл-әрекетке негізделген сезім-күй теңеулері;
- в) образы тарихи адамдар мен географиялық атаулар және әңгіме – ертегілер мен діни аңыздардың кейіпкерлері , предметі деректі-дерексіз сезім-күй теңеулері.

Бірінші топқа кіретін сезім-күй теңеулерінің образы да, предметі де- көзбен көріп , қолмен ұстауға болатын конкретті заттар. Бірақ бұлардың өмірде ешқандай да ұқсастығы жоқ. Солай бола тұра бұлар бір-біріне теңеледі де, олардың арасында «ұқсастық» пайда болады. Ол ұқсастық сөз жоқ олардың ішкі мәніне негізделген. Яғни бұл ұқсастықты тудырып тұрған нәрсе-әлгі заттардың қосымша белгілері. Мысалы:

Ал біз, бүкіл аудан бұл жаманды үкілеп,-үстіміздегі жылдықтың қорытындысында наградаға ұсынайық деп дабырлап, *бөркін қара қазандай етіп алдық та*, аяғы сымпыып қалдық. («Құм мінезі», 57 б.)

Ә) образы конкретті, предметі дерексіз сезім-күй теңеулері.

1. Адамды жындандырып жіберетіндей тыныштық орнап еді, оның өзі ұзаққа бармады. («Қар қызы», 70 б.)

2. Шам жана шайға отырған шағын семьяны өзгеше қоңыр, іргеден күздің қара суығы аңырағандай, аса бір көңілсіздік басқан еді. («Құм мінезі», 24).

Б) образы конкретті қимыл-әрекетке негізделген сезім-күй теңеулері. (Метафоралы теңеулер болып келеді.)

1. «Ауыз үйде тырайып ұйқтап жатқан үш жігіт те, кіші қызы Нұргүлдің ауызы уылып, жылап мазаны алған соң, түн ортасы ауғанша енді ғана таңғы *тәтті ұйқының құшағына енгендей* еді». («Құм мінезі», 14 б.)

2. «Ала дөнденіп мінгесіп-ұшқаса келеңсіз далаға қарай жарыса созылған құм төбелер, сол құм төбелер, сол құм төбенің қырқасына ойдым-ойдым қойнауына жармаса өскен сексеуілдер жағаласа жарысып, көзге суық тартады...*көңілді жүдеткендей* болады» («Құм мінезі», 51 б.).

В) Сезім-күй теңеулерінің төртінші тобының образдары тарихи адамдар мен діни географиялық атаулар және әңгіме ертегілер мен діни аңыздардың кейіпкерлері, ал предметі деректі –дерексіз заттар мен құбылыстар болып келеді. Мысалы:

Осы сәтте қатты құйын көтерілгендей болды да, жылдар бойы сіресіп жатқан Қызылқұм *айдаһардай* ысқырды. («Құм мінезі», 34 б.). Сол сол-ақ екен, беріштеңе қатқан төбебұйраттар бүлкілдеп, тісі-тісіне тимей, *бақсы боп сықылдағандай, дірілдеп –қалшылдап безгегі ұстағандай жынын шақырды*.

Қызылқұм *аждаһардай* ысқырды. («Құм мінезі», 54 б.). Ұрмақ дүниеден хабар жеткізгендей дауыс («Құм мінезі», 30 б.).

**Көру теңеулері**

1. Тамырымен жұлып кеткен сексеуілдің орны алыстан қараған адамға зеңбірек снарядтары түскен ұлы бір ұрыс даласындай шұрық, шұрық жыртық еді.

2. Ішпей жүргенде мас кісіше әкірендеп, әңгір таяқ ойнататын әкімнің дәл қазір қармағына жем болудың ешқандай реті жоғын сезді ме, атынан түсті де, бір басып жасқана жанына барды. («Құм мінезі», 20 б.).

**Тері сезімі теңеулері**

1. «Қарны жер сызып жүрген саулық жем шөпсіз тістей қатып, іш тастамай ма? («Құм мінезі», 20 б.)

2. «Бұдан соң бір-бірінің иығына май сіңіп, тот басқан *зілдей* алақандарымен салып-салып қалып, жамырай бәрі күлді. » («Құм мінезі», 115 б.).

Тұрақты теңеулер фразеологизмдердің бір түрі болып саналады. «Тұрақты теңеулер ежелден қалыптасып, тілде әбден сіңісіп кеткен конструкциялар». Тұрақты теңеулер экспрессивті-эмоционалды бояуы айқын, көркемдік қуаты күшті болғандықтан көркем әдебиетте де, ауыз екі сөйлеу тілінде де бейнелеуіш құрал ретінде жұмсалып отырады. О.Бөкей шығармаларында кездесетін тұрақты теңеулердің түрлері сан алуан болып келеді. «Мотор дырылдай жөнелгенде ең әуелі анау Сейітқұл отарының шыр айналасы самаладай жарқырайтын. Сырттай қарасаң қойдан жуас, дөңгеленген қара торы жігіт. Жұп-жұмыр жұмыртқадай-ақ» («Қар қызы», 56 б.).

Ғалым Т.Қоңыров тұрақты теңеулерді лексика-грамматикалық табиғатына қарай екі топқа бөледі: 1.есім тұрақты теңеулері; 2.етістік тұрақты теңеулер. О.Бөкей прозасы тілінде осы екі түрі де молынан кездеседі.Мысалы: «*Жалт қарағандарында, тура қыр желкелерінде төніп тұрған, аппақ, еңгезердей аруақ шалды көрді*» («Қар қызы»,90 бет)

«От жағып жылынайын десе, жуық маңайда тіс шұқыр ағаш жоқ, өңкей бір жұп-жұмыр тақыр тауларға қарап тұрып қарның ашып, қасқырша ұлығың немесе ботадай боздап жылағың келеді.» («Қар қызы», 122 б.).

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай есім тұрақты теңеулердің образдары есім сөздерден болады да тұрақты белгілерді төңірегіне жинақтап, ұйытқы болып тұрады. Бірінші мысалда *самаладай*-образ да *жылтырайды*-белгісі. Екінші мысалда *тонның ішкі бауындай* – образ болса, белгісі-*араласу*. Үшінші мысалда *ботадай боздау* тұрақты теңеуі –қазақ ұғымында төрт түліктің ішінде түйе қасиетті деп саналады. Түйе түлігімен байланысты ботадай боздау тұрақты теңеуі қатты қайғырып жылау ұғымын білдіреді. Боздау етістігі тура мағынасында түйе малының дыбыс беруін білдірсе, ауыспалы мағынада жылау ұғымын да білдіреді.

«Қасқырша ұлу, аш қасқырдай бұратылу аштық қасқырмен ассоциацияланады.» «Мен саған пәдөнекті көрсетейін, қақбас!-Өзіне арыстандай атылған еңгезердей жігітті шал орнынан қозғалмай тосып алды да, жұмсала берген дәу жұдырықтан сап етіп ұстап бұрап алды.» («Құм мінезі», 94 б.).

«Өзеннің жағасындағы тасқа- жабысып-жабысып қалған балықтың қабығы күмістей жылтырайды. Ендігі үміт те, тілек те сол –жұлдыздай жарқыраған сәуледе.» («Қар қызы», 86 б.).

О.Бөкей прозасындағы етістік тұрақты теңеулер де аз емес. Тұрақты теңеуге негіз болып етістіктің есімше түрі жұмсалады, әрі көп компонентті болады.

«Өзеннің жағасындағы тасқа-жабысып-жабысып қалған балықтың қабығы күмістей жылтырайды. Ендігі үміт те, тілек те сол –жұлдыздай жарқыраған сәуледе.» («Қар қызы», 86 б.).

О. Бөкей прозасындағы етістікті тұрақты теңеулер де аз емес. Тұрақты теңеуге негіз болып етістіктің есімше түрі жұмсалады, әрі көп компонентті болады. Мысалы: Кім болса да жалғыздықтан, өгей өмірден мұндықты күй кешкен жанның жалыққанда, тілдесіп сөйлесер, сыбырласып сырласар адам іздеп шарқ ұрған көңілін әнмен әлдилеген, сабыр сақтап, сап-сап жүрегім деген өзін-өзі жұбатуы, өзін-өзі уатуы. *Тербетер кісі табылмай, өзін-өзі шайқап, ырғалып өксіп барып ұйқтап қалар сәбидің әлсіз әрекеті секілді* («Қар қызы», 187 б.).

Жазушы жалпыхалықтық тілдегі «*бесіктегі сәбидей тербетіліп елту*» деген тұрақты теңеуді кейіпкердің психологиялық ахуалын білдіру үшін авторлық өңдеуден өткізген.

«Аяйсың...айдалада –аппақ қардың тұтқыны болып, *адасқан балапандай* бүрісіп , жер бауырлап жатқан мүсәпір кескінін көріп жаның ашиды.» («Қар қызы», 89 б.).

*Адасқан балапандай* теңеуі халықтық тілдегі адасқан қаздай тұрақты теңеуінің үлгісімен жасалған. Жазушы кейіпкердің психологиялық күйін, шарасыздығын, жан күйзелісін осы теңеу арқылы да бере алған.

«Жазығы суық демесең, қысқы табиғаттың қазіргі келбеті керемет еді. Ару қыздың ешкімнен именбейтін, ешкімді менсінбейтін алқам-салқам бейбастақ әрі әдемі еркін ұйқысындай еді.» («Қар қызы», 91 б.).

Жалпыхалықтық тілде «Ұйқыдағы арудай», «төсекте маужыраған жас арудай» тұрақты теңеуі бар екенін білеміз. О. Бөкей осындай теңеудің үлгісімен жасаған теңеуі арқылы сөйлемнің бейнелілік, әсерлілігін арттыра түскен.

«Қарттыққа тән ақыл-ой өз өзінен жасарып, әлем проблемаларымен шатақтаса беретін мінез-кұлқы желідегі құлындай тулап-тулап, тырайып жусап жатыр.» («Жетім бота», 238 бет)

*Құлындай тулау* теңеуін – тайдай тулау тұрақты теңеуінің үлгісімен жасаған. Тайдай тулау тұрақты теңеуін алатын болсақ, қазақ тұрмысына етене жақын құбылыстың бірі. Асау тайды үйреткен кездегі жанталасқан сәт көз алдымызға келе қалады.

Қазақ тілінде тұрақты теңеулер екі үлкен топқа бөлінеді толық және *жартылай* тұрақты теңеулер. Оралхан Бөкейде толық тұрақты теңеулер қолданыс тапқан. Мысалы: Сейіт-құл *ақ тер, қара тер* боп, бастырылып, арам өлген қойдың ішін жарып, терісін сыпырып жа-

тыр екен. Барханды көріп ұрлығы ашылып қалғандай алғашында сасып-ақ қалды. (Құм мінезі, 37 б.).

Міне, аттай зулап бес жыл өтті, құдай көршісі – қыстың қытымыр суығын, жайлаудың салқын самалын бірдей көріп келеді. Қазақтың көшпелі тұрмысында жылқының орны ерекше. Қазақтың «ат-ердің қанаты» деген сөзі жылқының адам өміріндегі орнын дұрыс көрсетеді. Ат-тездік, шапшандық, жылдамдық символындай. Уақытты да аттың жылдамдығымен салыстыру арқылы жалпыхалықтық тілде бейнелі теңеу жасалған. Осы теңеуді жазушы кейіпкердің психологиялық сезімін сипаттауда ұтымды қолданады.

О. Бөкей тілі мен стилін сипаттай алатын семантика-стилистикалық мәні айқын бірнеше түрлерді ғана алып, талдау жүргіздік. Семантика-стилистикалық белгілері арқылы теңеулерді әр түрлі топтарға бөле қарастыру-олардың бейнелі сөз ретінде тілдің басқа да осындай көркемдік құралдарымен, лексикалық бірліктермен байланысу мүмкіндіктерінің мол екендігін байқады, сондай-ақ, теңеулердің стилистикалық қызметін аша түсетіні сөзсіз.

Жазушының прозалық туындыларында эпитеттік теңеулер, метафоралық теңеулер, гиперболалық теңеулер, литоталық теңеулер, антонимдік теңеулер, синонимдік теңеулер кездесіп отырады.

А) эпитеттік теңеулердің құрамындағы эпитет-теңеу болып тұрған сөздің бір белгісін, сынын айқындап тұрады да, жалаң не күрделі түрі қолданылады.

1. Бірақ ол сап-сау, *сырғауылдй ұзын қарулы саусақтарымен* үш жігітті кезек нұсқап саңқылдап тұр. («Қар қызы», 105 б.).

2. Сіздің анау түйенің табанындай қолыңыздан бәрі келеді. («Құм мінезі», 57 б.).

Ә) Метафоралық теңеу

Бір ғана ағыспен өтіп жатқан өмірдің аяқ астынан *айран тамған сүттей*, іріп шыға келуі Ақанның көңілінде көгіс тартқан баяғы бір көне жараларын *тырнап алғандай* еді.

Менің қолымнан не келеді?-деді Бархан *сиырдың сілекейіндей* созылып алған әңгімені тұжырғысы келіп. («Құм мінезі», 57 б.).

Әрқайсысы өз ойын *малта гып* сорып отыр. («Қар қызы», 114 б.).

...Ақша қардың ортасында меңдей қарайып тұрған жалғыз трактор-аппақ дастарқанның үстінде жорғалаған –ақ қауқарсыз, бейшара.

Б) Антонимді теңеулер

1. Ұлы Аманжанның кімге тартып туғанын жан адам білмейді. Ішкері жақтан жалаңаш қойнына *кенгурудың баласындай* салып әкелген ұл бүгінде тепсе темір үзетін *зіңгіттей* азамат болып өсті. («Қар қызы», 77 б.).

2. Сонымен былай, жолдастар, жеп-ішсеңіздерші, барымен базар деген, дастарқанның берекесі болмай отыр-ау, бәлкім. Қайтеміз, көлдей көңіл болса, *аяқтай* қарын қайда барар дейсің, ағасы.

3. *Қозыны совхозға өткізеді, енді бір аптадан соң сақманшы үш қыз да жыл құсындай үйлеріне қайтады. ...* («Құм мінезі», 49 б.).

В) Синонимдік теңеулер

Өзіне арыстандай атылған еңгезердей жігітті шал тұрған орнынан қозғалмай тосып алды да, жұмсала берген дәу жұдырықтан сап етіп ұстап бұрап алды. («Құм мінезі», 94 бет)

Г) Гиперболалық теңеулер.

1. Жұпыны ғана үйдегі жұбайлар тірлігі жалқы сәт жусап, жалқы сәт мызғи бергенде, үйдің іргесі дыңылдап, қабырғасы солқылдап, *жер сілкінгендей* тербеледі.

2. Трактор тұтқасы өз қолына тиген соң, дәл алдарында *аспанға салынған баспалдақтай* шаншыла көтерілген тауға өрмелей жөнелді. («Қар қызы», 119 б.).

В) Литоталық теңеулер.

1. *Түймедей ғана аршылған әйнектен жалғыз көз сығалады.* («Қар қызы», 81 б.).

2. *Аманжан әлгі танадай тесікті құлақшынымен жсауып, баланың ит жынына тиіп еді, Нұржан ұрсып тастады.* («Қар қызы», 45 б.).

#### **4. Қорытынды.**

О. Бөкей шығармаларындағы көріктеу құралдары алуан түрлі көркемдік қызмет атқарады, яғни кейіпкерге мінездеме беруде, адамдардың қарым-қатынасын, толып жатқан психологиялық жай-күйді эмоциялы-экспрессивті түрде суреттеуде суреткердің тіл шеберлігін, даралық стиль ерекшелігінің бір көрінісін байқатады. Жазушы шығармалары тұнып тұрған теңеулер. Мысалы, жасалу жолдарына, семантика-стилистикалық мініне, синтаксистік құрылысына, функционалдық топтарына қарай бөліп топтастыруға да келеді.

#### **Әдебиет тізімі**

Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.

Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007.

Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 86 б.

Бөкей О. Қар қызы: Хикаяттар / құраст. Р. Мәженқызы. – Алматы: Раритет, 2008. (Алтын қор кітапханасы). – (Қазақ прозасы қазынасынан).

Бөкеев Оралхан. Ән салады шағылдар. («Құм мінезі» повесі). – А.: Жазушы, 1978.